

Бекітемін
«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы
университеті» ЖШС ректоры,
Байболов Қ.С.
2023 жыл



САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ
УЕ-53-23

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӨЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Оқу үрдісін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімімен ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлегендер – Оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімінің басшысы Нурмағанбетова Ж.А.
3. Келісілді – Оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректоры, э.ғ.к., профессор. Байнеева П.Т.
– Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімінің басшысы Суттибаева А.
4. «Жұмабек Ахметұлы Ташенев» университеті ЖШС Ғылыми кеңесінің 5 28.11.2023 № 5 мәжілісінде талқыланып мақұлданды
5. Енгізілді – 2023
6. Тексерілу мерзімі – 2025

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Шымкент, 2023

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университеті» ЖШС		УЕ-53-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту туралы		21 беттің 2-беті

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 «Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС-де (әоі қарай Университет) Білім беру бағдарламаларын дайындау және бекітудің бірыңғай талаптарын орнату.

1.2 Осы Ереже университеттің Білім беру бағдарламаларының құрылымын, мазмұнын, әзірлеу және бекіту кезеңдерін айқындайды, Білім беру бағдарламаларын дайындауда және бекітуде жауапты тұлғалар (оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімі, факультет декандары, академиялық комитеттер, кафедра меңгерушілері, басқа да тиісті құрылымдық бөлімдер) басшылыққа алуға міндетті.

2 СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

2.1 Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 27 шілде № 319-ІІҚРЗ 2007жыл (16.11.2023ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

2.2 Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы ғылым жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді

2.3 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17657 болып тіркелді. (12.10.2023 ж. өзгерту мен толықтырулармен)

2.4 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы. (25.07.2023ж. өзгерту мен толықтырулармен).

2.5 «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығы;

2.6 «Өмір бойы оқыту (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 қаулысы;

2.7 Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы хаттамасымен бекітілген «Ұлттық біліктілік шеңбері».

2.8 Университеттің Академиялық саясаты

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1 Университет Жоғары және ЖОО кейінгі білім беру бағыттарының классификаторына, МЖББС талаптарына, Жоғары және ЖОО кейінгі білім беру салаларының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай-ақ университеттің Академиялық саясатына сәйкес білім беру бағдарламаларын (әрі қарай - БББ) өз бетінше дайындайды.

Білім беру бағдарламасы бітірушінің кәсіби қызметі жайлы жалпы мағұлматтарды, бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін, бітірушінің құзыреттілік моделін, күтілетін оқу нәтижелері мен оларды бағалау саясатын, білім беру процесін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін және бағдарлама мазмұнын қамтитын тұжырымдамалық сипаттағы нормативтік құжат болып табылады.

Ереже Білім беру бағдарламаларының жоғары сапасына жету, білім алушылар мен ОПК білімінің барлық деңгейлерінің сабақтастық қағидасын жүзеге асыру, білім сапасын арттыру мақсатында дайындалды.

БББ негізінде білім беру процесі ұйымдастырылады, оқыту және сабақ беру тәсілдері мен әдістері және оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері айқындалады; оқу жоспарлары (білім

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университеті» ЖШС		УЕ-53-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту туралы		21 беттің 3-беті

алушының жеке оқу жоспарлары, жұмыс оқу жоспарлары) және пәндер бойынша оқытушының жұмыс оқу жоспарлары мен пәндердің оқу бағдарламалары дайындалады.

Университеттің БББ дайындауға оқытудың жоспарланған нәтижелеріне жету мақсатында жоғары және ЖОО-дан кейінгі ЖОО кейінгі білім беру бағыттары бойынша Академиялық комитеттер, кафедралар, білім алушы және стратегиялық әріптестер қатысады.

3.2 Білім беру бағдарламасын әзірлеудің жалпы ережелері.

3.2.1 Ережеде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі - МЖМБС) талаптарын, Кредиттік оқыту технологиясының қағидаларын ескере отырып, университетте бакалавриат, магистратура және докторантура (PhD) даярлау бағыттары бойынша БББ әзірлеу бойынша тәсілдер қаралып, ұсынымдар берілді.

3.2.2 БББ әзірлеу 4 (төрт) кезеңнен тұрады:

- БББ жоспарлау;
- БББ жобалау;
- БББ құрылымды элементтерін әзірлеу;
- БББ әзірлеу сапасын бағалау.

4 Білім беру бағдарламасын жоспарлау

4.1 Бұл кезеңде кафедра мен университеттің БББ әзірлеу жөніндегі қызметі жоспарланып, БББ дайындық және БББ бағыттарының тізімі айқындалады.

4.2 Университеттің дайындық бағыттарының тізбесін анықтау:

4.2.1 Нарықтың ағымдағы және болашақ қажеттіліктері анықталады:

- қазіргі таңда және болашақта қандай мамандар қажет?
- бітіруші түлектерді жұмысқа орналастырудың еңбек нарығындағы сұранысы қандай?

4.2.2 Кадрларды даярлау нарығына талдау жүргізіледі:

- Өңірде немесе жақын аймақтарда кадрларды даярлау нарығында бәсекелестерді анықтау;
- бәсекелес ЖОО күшті немесе әлсіз жақтарын анықтау.

4.2.3 Университеттің БББ іске асыру мүмкіндіктеріне талдау жүргізіледі:

- қажетті кадрлық ресурстардың болуы;
- қажетті материалдық-техникалық, ақпараттық және қаржылық ресурстардың болуы.

4.3 Даярлау бағыттарының тізбесі айқындалғаннан кейін Университет даярлау бағыттары немесе БББ топтары бойынша академиялық комитеттер (бұдан әрі - АК) құрады.

4.4 Академиялық комитет құру туралы шешім ректордың бұйрығымен рәсімделеді.

4.5 Академиялық комитеттер қызметінің негізгі міндеттері:

- БББ жоспарлау, сараптау, әзірлеу;
- БББ сыртқы ортаның өзгерістеріне сәйкес бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- университеттің білім беру процессін ұйымдастыру бойынша инновациялар енгізу туралы ұсыныстар дайындау;
- университеттің жұмыс берушілермен, серіктес университеттермен (БББ келісу мақсатында) және т.б. ынтымақтастығын дамыту.

4.6 Академиялық комитет құрамы:

- Профессор-оқытушылар құрамынан университет өкілдері;
- Білім алушылар өкілдері;
- Жұмыс берушілердің өкілдері.

5. Білім беру бағдарламаларын жобалау

5.1 Білім беру бағдарламаларын жобалау кезеңдері:

- кәсіби қызмет саласын зерттеу;
- БББ және оларды меңгеру деңгейіне сәйкес келетін қызмет саласына тән құзыреттерді анықтау;

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университеті» ЖШС		УЕ-53-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту туралы		21 беттің 4-беті

- БББ бойынша оқыту нәтижелерін тұжырымдау;
- құзыреттердің, оқыту нәтижелерінің және бағалау критерийлерінің өзара байланысын анықтау;

- құзыреттілікке қол жеткізуді бағалау әдістері мен құралдарын жобалау;
- ресурстарға қажеттілікті анықтау.

5.2 БББ жобалау үшін Академиялық комитет кәсіби қызмет саласына зерттеу жүргізеді.

5.2.1 Кәсіби қызмет саласын зерттеудің бірінші кезеңінде АҚ құзыреттерінің бастапқы тізбесін қалыптастыру үшін құжаттарды (отандық және шетелдік ҰБК, СБШ және КС, МЖМБС, лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптары, лауазымдық нұсқаулықтар және т.б.) талдайды. Кәсіптік салада даярлаудың әрбір бағыты үшін құзыреттердің алдын ала тізбесі қалыптастырылады. Олар:

- негізгі және жалпы кәсіби құзыреттер (жеке, азаматтық, әлеуметтік этикалық, ұйымдастырушылық - басқарушылық және т. б.);

- кәсіби құзыреттіліктер (осы бағытқа тән теориялық және практикалық дағдылар).

5.2.2 Зерттеудің екінші кезеңінде құзыреттердің тізбесін нақтылау және басымдылық беру мақсатында жұмыс берушілерге сауалнама жүргізіледі.

Сауалнама жүргізу үшін АҚ сауалнамаға қатысушыларға құзыреттердің алдын ала тізбесін ұсынады, сауалнамаға қатысушылар жұмыс орнындағы белгілі бір құзыреттіліктің маңыздылығы дәрежесін және университетті бітіргеннен кейін оны меңгеру деңгейін анықтайды.

5.3 БББ бойынша оқу нәтижелерін (бұдан әрі - ОН) тұжырымдау оқу деңгейіне, кәсіптік стандарттардың, университеттің даму бағдарламасының талаптарына байланысты стейкхолдерлермен келісілген құзыреттердің алдын ала тізбесі айқындалғаннан кейін жүзеге асырылады.

5.4 Оқу нәтижелері келесі түрлерге бөлінеді:

- БББ оқыту нәтижелері;
- білім беру элементтері (модуль, пән және т.б.) үшін оқыту нәтижелері.

5.5 БББ бойынша Оқыту нәтижелері (learning outcomes) - білім алушы оқу процесін ойдағыдай аяқтағаннан кейінгі меңгерілген білім, білік, дағды және қалыптасқан құзыреттілік.

ОН тиісті білім беру деңгейінің Дублиндік дескрипторлар негізінде анықталады (бірінші деңгей - бакалавриат, екінші деңгей - магистратура, үшінші деңгей - докторантура) және құзыреттер арқылы көрсетіледі. Бұл ретте оқытудың бес негізгі нәтижесі ерекшеленеді:

- білім және түсіну;
- білім мен түсініктерді қолдану;
- пікір айтуды қалыптастыру;
- коммуникативті қабілеттер;
- оқу дағдылары немесе оқу қабілеттері

Бұл ретте **оқытудың бес негізгі нәтижесі** көрсетіледі: білім және түсіну; білім мен түсінгенін қолдану; пікір айтуды қалыптастыру; коммуникативтік мүмкіндіктер; оқу дағдылары немесе оқуға деген қабілеттілік. **Оқыту нәтижелері** барлық бағдарлама бойынша да, жеке модуль мен жеке пән бойынша да анықталады.

ОН бүкіл бағдарлама, модуль, жеке пән деңгейлерінде қалыптасады. Бұл жағдайда Блум таксономиясын қолдану қажет.

ОН үш категорияда тұжырымдалады: білім, білік және құзыреттілік. БББ әзірлеушілер ОН кәсіптік стандарттардың және жұмыс берушілердің талаптарына бағытталған құзыреттерге байланысты тұжырымдауы тиіс.

Сондай-ақ, ОН:

- еңбек функцияларына бағытталған;
- еңбек нарығының болашақ қажеттіліктеріне бағдарланған болуы керек.

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университеті» ЖШС		УЕ-53-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту туралы		21 беттің 5-беті

5.6 Оқыту нәтижелері тұжырымдалғаннан кейін құзыреттердің, оқыту нәтижелерінің және бағалау критерийлерінің өзара байланысы айқындалады.

5.7 Бағалау критерийі «аяқталған әрекетті» сипаттауы керек, сәйкесінше критерийлер «біледі», «алады», «игереді» категорияларында қалыптасады. Әрі қарай құзыреттілікке қол жеткізуді бағалау әдістері мен құралдары жобаланады.

5.8 БББ жобалаудағы келесі қадам - оны жүзеге асыру үшін ресурстарға қажеттілікті анықтау. БББ-ға қойылатын талаптар білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарымен айқындалады. БББ толыққанды жүзеге асыру үшін келесі ресурстарды анықтау қажет:

5.8.1 *Кадрлық ресурстар*. БББ-ны жүзеге асыру тиісті және ресми білім беру құжаттарымен расталған ғылыми-педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етіледі. Ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігіне қойылатын талаптар БББ ерекшелігімен, салалық шеңбермен және кәсіби стандартпен айқындалады.

5.8.2 *Материалдық-техникалық база*. Оқу процесінің материалдық-техникалық базасы БББ қабылданатын білім алушылардың оқу, зертханалық, практикалық және ғылыми - зерттеу жұмыстарының барлық түрлері үшін тиісті санитарлық және өрт қауіпсіздік ережелері мен нормалармен, жабдықтармен толық қамтамасыз етілуге тиіс.

5.8.3 *Ақпараттық-кітапханалық қамтамасыз ету*. БББ барлық оқу курстары, пәндер (модульдер) бойынша оқу-әдістемелік ресурстармен қамтамасыз етілуі тиіс.

5.8.4 *Әлеуметтік ресурстар*. БББ жүзеге асырылу үшін әлеуметтік ресурстар қажет. Ол үшін университеттің келесі байланыстары қарастырылады: экономиканың нақты секторларының кәсіпорындары және ұйымдары, кәсіби педагогикалық және бизнес-қоғамдастық, еңбек нарығының осы сегментінің жұмыс берушілері, кәсіби қоғамдастықтардың мүдделерін білдіретін қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдар.

6. БББ құрылымды элементтерін әзірлеу.

6.1 БББ үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде әзірленеді. Бұл кезеңде БББ аты мен мақсаты тұжырымдалады, мазмұны жобаланады және оқыту стратегиялары анықталады.

6.2 БББ аты бағдарламаның мазмұнын көрсетуі, қысқа, нақты, ақпараттық және классификатордағы дайындық бағытына сәйкес келуі тиіс.

6.3 БББ мақсаты мүмкіндігінше қысқа (1-3 сөйлемде) тұжырымдалуы керек, білім алушылар алатын құзыреттерді нақты және анық қорытындылауы керек.

6.4 БББ мазмұны бағдарламаның модульдерін, оқу пәндерін анықтау арқылы жобаланады. БББ кәсіби функциялар контекстінде әзірленеді және мазмұны модульдер бойынша оқытудың мақсаттарына, құзыреттеріне және нәтижелеріне байланысты оқу пәндерінің тізбесінен тұрады.

6.5 Кәсіптік стандарт негізінде әзірленген БББ, негізгі еңбек функциялары құзыреттілігіне және ОН сәйкес жобаланады.

6.6 Бакалавриат, магистратура және докторантура БББ құрылымы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру МЖМБС қосымшаларында келтірілген.

6.7 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің бакалавр бағыты бойынша БББ мазмұны үш цикл пәндерінен және жалпы 240 кредиттен тұрады. Оның ішінде; жалпы білім беретін пәндер -56 кредит, базалық пәндер - 112 кредит және бейіндік пәндер - 64 кредит, практика - 28 кредит, қорытынды аттестация - 8 кредит. Жалпы білім беретін пәндер циклі міндетті компонент, ЖОО компоненті және таңдау компоненті пәндерін қамтиды. Базалық пәндер және Бейіндік пәндер циклдары ЖОО компоненті және таңдау компоненті пәндерін қамтиды. Университет ЖОО компоненті мен таңдау компоненті пәндерін дербес анықтайды және еңбек нарығының қажеттіліктерін, жұмыс берушілердің сұраныстарын және білім алушылардың жеке мүдделерін ескереді.

Магистратура бағыты бойынша БББ мазмұны екі цикл пәндерінен және жалпы 120 кредиттен тұрады.

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университеті» ЖШС		УЕ-53-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту туралы		21 беттің 6-беті

Докторантура бағыты бойынша БББ мазмұны екі цикл пәндерінен және жалпы 180 кредиттен тұрады.

6.8 Пәннің қысқаша сипаттамасы білім алушылардың пәнді оқығаннан кейін меңгеретін негізгі теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын нақты және қысқаша тұжырымдайды. Пәннің сипаттамасында ешқандай терминдер, дәрістерден, оқулықтардан үзінділер және т.б. келтірілмеуі керек.

6.9 Құзыреттіліктер мен ОН контекстінде модульдер мен пәндердің тізбесі анықталғаннан кейін, модульдер мен пәндердің кредиттерінің сыйымдылығы айқындалады. Осы негізде пререквизиттер мен постреквизиттерді ескере отырып БББ оқу жоспарының жобасы қалыптастырылады.

6.10 Университетте оқу жоспарларының екі түрі әзірленеді: бүкіл оқу кезеңіне арналған негізгі оқу жоспары (НОЖ) және ағымдағы оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары (ЖОЖ). Барлық оқу кезеңіне арналған БББ негізгі оқу жоспары МЖМБС сәйкес әзірленеді. Барлық оқу жоспарлары үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын) әзірленеді және Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі. Оқу жоспары пәндерді, модульдерді, практикаларды, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, аралық және қорытынды аттестациялауды меңгерудің тізбесі мен реттілігін, олардың кредиттер мен академиялық сағаттардағы сыйымдылығын, дәріс, практикалық, зертханалық сабақтардың түрлерін және білім алушының өзіндік жұмысының көлемін, бақылау нысандарын айқындайды. Оқу жоспары пәндерді олардың сабақтастығына және семестрлер бойынша ұтымды бөлуге негізделген оқудың логикалық дәйектілігін қамтамасыз етеді.

6.11 Білім алушылардың аудиториялық және өзіндік жұмыс сағаттарын бөлу аудиториялық жұмыс көлемінің нормасы негізінде жүргізіледі, ол әрбір пән көлемінің кемінде 30% - құрайды.

6.12 Ағымдағы оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары БББ оқу жоспары және білім алушылардың жеке оқу жоспарлары негізінде әзірленеді. Жұмыс оқу жоспары оқу жылына арналған пәндер тізбесін және олардың кредиттерінің сыйымдылығын, оқу тәртібін, оқу сабақтарының түрлері мен бақылау нысандарын, сондай-ақ оқу қызметінің басқа да түрлерін айқындайды.

6.13 БББ құрылымдық элементтерін әзірлеу кезінде модульді, пәнді оқыту нәтижелерін тұжырымдауға ерекше назар аудару қажет. Модульдің ОН - білім алушы модульді сәтті аяқтағаннан кейін өзінің білімін, түсінігін, дағдыларын және құзыреттілігін көрсету үшін білім алушыларға қойылатын минималды талаптарды анықтайды. Оқытудың барлық нәтижелері бағалануы керек. Сонымен қатар, модульдің оқыту нәтижелерін дайындау кезінде пәннің модульге қалай енетінін, модульді оқыту нәтижелерін тұжырымдау кезінде - модуль жалпы бағдарламаға қалай енетінін қарастыру маңызды.

6.14 Оқыту нәтижелері білім алушыларды оқытудың прогрессивті сипатын көрсетуі тиіс. ОН тұжырымдау кезінде міндетті түрде алдыңғы білімді, қол жетімді уақытты және оқу мүмкіндіктерін ескеру қажет. Модульдерді, пәндерді оқыту нәтижелерін тұжырымдап, еңбек шығындарын анықтағаннан кейін оқыту стратегиялары анықталады. Университеттегі оқыту стратегиясы оқытудың инновациялық әдістерін қолдануға бағытталады. Студенттік орталықтандырылған оқыту кезінде білім алушы университетте болуы және оқыту мен шешім қабылдау процесінің белсенді қатысушысы болуы тиіс. Себебі студенттік орталықтандырылған оқытуды студенттің Өзінсіз, оның жеке дайындығынсыз, сондай-ақ оның жеке құрылған траекториясынсыз жүзеге асыруға болмайды.

6.15 Оқу пәнін әзірлеу кезінде оқытудың тиісті нәтижелерін игеру және оларды әділ бағалау үшін қандай әдістер қолайлы екенін анықтау қажет. Модульді әзірлеу кезінде тиісті құзыреттерді алу және оқу нәтижелерін бағалау үшін қандай әдістер қолайлы екенін анықтау қажет. Бағалау әдістері құзыреттілікті дамыту үшін қолданылатын әдістермен тығыз байланысты болуы керек.

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университеті» ЖШС		УЕ-53-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту туралы		21 беттің 7-беті

6.16 Модульдік оқытудың негізгі принциптері мыналар:

- 1) білім беру бағдарламаларын, нақты пәндерді құрастырудың және олардың мазмұнын анықтаудың жүйелі тәсілдері;
- 2) білімді жеке элементтерге бөлшектеу және білім берушілер мен білім алушылар ынтымақтастығының нақты көрінуі;
- 3) әр модуль ішінде және олардың арасында оқу сабақтары түрлерінің әдістемелік тұрғыдан дұрыс үйлесуін қамтамасыз ету;
- 4) модульдік курс пен білім беру бағдарламалары құрылымының қолайлығы;
- 5) білім алушылардың білімін бақылаудың тиімділігі мен бақылау іс-шараларының семестр барысында дұрыс бөлінуі;
- 6) студенттердің шығармашылық қызметі үшін алғышарттар құрылатын дамыта оқытудың әдістемелік принциптерін іске асыру мүмкіндіктері болып табылады

6.17 Білім беру бағдарламасын құру келесі бөлімдерді қамтиды:

- оқу пәндерінен қайталанатын фрагменттерді алып тастау мақсатында қолданыстағы БББ мазмұнын алдын ала терең пәнаралық зерттеу;
- БББ - ға енгізілетін оқу модульдерінің тізбесін айқындау;
- БББ шеңберінде мүмкін болатын білім беру траекторияларын белгілеу;
- оқу модульдерін жүзеге асыру жүйесін әзірлеу және ЖОО-ның материалдық-техникалық, ақпараттық-кітапханалық базасын сапалы жаңарту;
- модульдік оқыту қағидаттарын да оқу процесін жаңартуға бағытталған әкімшілік-басқару қызметін жүзеге асыру.

6.18 Білім беру бағдарламаларының модульдері нақты салалар немесе пәндер бойынша оқыту бағдарламаларының логикалық өзара байланыстағы компоненттерін білдіреді. Бір модульдің көлемі 5 және одан да көп қазақстандық кредитті немесе 8 және одан да көп ECTS кредиттерін құрайды және екі немесе одан да көп оқу пәндерін қамтиды.

6.19 Кәсіптік практикалардың түрлері, дипломдық жұмыстар және магистрлік, докторлық диссертациялар өзара байланысына және оқу пәндерімен мақсаттарының бірлігіне қарай білім беру бағдарламаларының тиісті модуліне қосылады. Сонымен қатар, кәсіптік практиканың әрбір түрі әртүрлі модульдерге жатуы мүмкін.

6.20

6.21 Модульдік қағидаттарға сәйкес білім беру бағдарламасын және оқыту пәндерін өзге нұсқалық бөліктерден (міндетті оқыту үшін модельдер) және вариативті, яғни еңбек нарығының, жұмыс берушілердің және студенттердің қажеттілігін есепке алатын ауыспалы модульдерден құрау мақсатты болып табылады.

6.22 Модульдер мынадай түрлерге бөлінеді:

- жалпы модульдер – білім беру бағдарламасымен, сондай-ақ әлеуметтік-этикалық, мәдени құзыреттілікпен (тұлғааралық, мәдениетаралық, азаматтық), экономикалық (кәсіпкерлік) және ұйымдастыру-басқару құзыреттілігіне тікелей байланысы жоқ жалпы білім беретін құзыреттіліктерді қалыптастыратын жалпы білім пәндері (бұдан әрі – ЖБП) және базалық пәндер (бұдан әрі – БП) кезеңдерінің пәндерін қамтиды;

- білім беру бағдарламасы модульдері – білім беру бағдарламасының негізін құрайтын және нақты жалпы білім беру бағдарламасының, сондай-ақ жалпы құзыреттіліктердің (сын тұрғысынан ойлау, креативті, шығармашылық), белсенді өмірлік ұстаным, инновациялылық) шеңберінде жалпы кәсіптік және арнайы құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған БП және кәсіптік пәндер (бұдан әрі – КП) кезеңдерінің пәндерін қамтиды;

- біліктілік шеңберінен шығатын қосымша модульдер – мамандығына қатысы жоқ және қосымша құзыреттіліктерді (ақпараттық технологиялар, шетел тілдері және т.б.) қалыптастыруға бағытталған пәндер кезеңдерін қамтиды;

6.23 Білім беру бағдарламасының құрылымы мынадай компоненттерді қамтиды (үлгі):

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университеті» ЖШС		УЕ-53-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту туралы		21 беттің 8-беті

1.	Білім беру бағдарламасын дайындаудың нормативті-құқықтық базасы
2.	Білім беру бағдарламасының мақсаты мен құндылықтары Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері Білім беру бағдарламасының құндылықтары
3.	Білім беру бағдарламасының төлқұжаты Білім беру бағдарламасының үйлесімділігі Бітірушінің кәсіби қызмет саласы Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері
4.	Білім беру бағдарламасының ерекшелігі
5.	Білім беру бағдарламасын бітіруші түлектің құзыреттері
6.	Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері
7.	Құзыреттіліктер мен оқу нәтижелерінің байланысын анықтау кестесі
8.	Келісу, бекіту, сараптау парағы

6.24 Оқу пәндеріне модуль құруда оның бағдарламасы білім алушылардың қажетті білім, іскерлік, дағды және құзыреттілік алуына бағытталған модульге құрылады.

Сонымен қатар, оқыту пәндерінің модульдік бағдарламасы білім алушылардың дәрісханалық пен өзіндік жұмысы ретінде оқытылады және оқытушыларды ақпараттық функциялардан босатады.

6.25 Білім бағдарламалары жалпы білім беру және қосымша құзыреттіліктер қалыптастыруға бағытталған өзіндік оқыту модульдерінен тұратын пәнаралық модульдерді қамтиды. Бұл ретте мақсаттары бір болған жағдайда бірнеше пәндер бір модульге бірігуі мүмкін.

6.26 Модульдік тәртіппен жасалған оқу жоспары: ЖББП, БП, КП кезеңдерінің пәндерінде қалыптасатын, жалпы білім беру бағдарламаларынан, қосымша және пәнаралық модульдерден, қосымша оқыту модульдерінен тұратын білім беру мазмұнының моделін көрсетеді және міндетті компонент пен таңдау бойынша компонент пәндерін қамтиды.

6.27 Модульді зерделеп аяқтаған соң қорытынды бақылау модуль бойынша кешенді емтихан нысанында не әрбір компонент – оқу пәні бойынша өзіндік емтихан нысанында өткізіледі.

6.28 Модуль бойынша кредиттер алудың шарты әрбір компоненттегі жұмыстың барлық түрлерін орындау және қорытынды бақылау бойынша оң баға болып табылады.

Егер тұтас бір модуль бойынша қорытынды бақылаудан қанағаттанарлықсыз деген баға алған жағдайда, білім алушылардың оның жеке компоненттері – оқу пәндері бойынша оң бағасы, онда олар қайта есептеледі. Келесіде білім алушылар бұл пәнді оқымайды.

7 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАЙЫНДАУ, КЕЛІСУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ

7.1 Университет МЖМБС және кәсіптік стандарттар талаптарына сәйкес жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді.

Университетте білім беру бағдарламаларын әзірлеумен университет ректорының бұйрығымен құрылатын академиялық комитеттер айналысады, олардың академиялық персоналдың (ОПҚ), жұмыс берушілердің, білім алушылардың өкілдері кіреді.

Білім беру бағдарламаларының негізінде оқу жоспарлары (жұмыс оқу жоспарлары, студенттердің жеке оқу жоспарлары) қалыптастырылады және оқу пәндері бойынша жұмыс оқу бағдарламалары (силлабустар) әзірленеді.

ЖБП циклінің пәндерін қоспағанда, білім алушылар білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқыту траекториясын дербес айқындайды.

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университеті» ЖШС		УЕ-53-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту туралы		21 беттің 9-беті

7.2 Жұмыс берушілердің ұсыныс, тілектерін есепке ала келе практика қызметкерлері мен кәсіптік практика базаларының жетекшілері шығарушы кафедралармен бірлескен түрде педагогикалық практика өткізу нәтижелерін, жаңа оқу жылының білім беру бағдарламалары мен таңдау пәндерінің мазмұнын әр кафедра мәжілістерінде талқылап, сараптаудан өтеді.

7.3 БББ-ның электронды нұсқасы университеттің «Платонус» ААЖ-не енгізіледі.

7.4 Сараптамадан өткен білім беру бағдарламалары оң нәтижеге ие болған жағдайда, кафедраның отырысында талқыланылып бекітіледі:

- Бейіндік кафедра;
- Факультет кеңесі;
- Университеттің академиялық кеңесі;
- Университеттің ғылыми кеңесі.

7.5 Әзірленген БББ жұмыс берушілер мен білім алушылардың өкілдерімен келісіледі және университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімі негізінде Ректор бекітеді.

7.6 Бекітілген білім беру бағдарламасын ҚР РЖБМ БББ ЖЖООКБ Тізілімге енгізу және (немесе) жаңарту үшін жіберіледі.

7.7 БББ дайындау бағыты бойынша лицензия болмаған жағдайда, БББ әзірлейтін бейіндік кафедра АСЖББББ пен бірлесіп кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша лицензияға қосымша алу үшін ҚР ТЖБМ-ға өтінім жібереді.

7.8 Бекітілген білім беру бағдарламасы және оның құрылымдық элементтері негізінде пәндердің жұмыс оқу бағдарламалары әзірленеді (Syllabus).

11.6 БББ түп нұсқасы, құрылымдық бөлімшелердің тиісті басшыларымен келісілген және қол қойылған, жұмыс берушілердің өкілдері, ОПҰЖЖҰБ сақталады, көшірмелері оқу процесін ұйымдастыру үшін кафедраларға жіберіледі.

8 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1 Білім беру бағдарламасы оқу жылына әзірленеді.

8.2 Білім беру бағдарламасына өзгерістер Ғылыми кеңес шешімдерімен енгізіледі.

9 ЖАУАПКЕРШІЛІК

Дайындалған білім беру бағдарламасының мазмұнына білім беру бағдарламасы дайындайтын кафедра меңгерушісі және факультет деканы жауапты.

КЕЛІСІЛДІ:

Оқу-әдістемелдік жұмысы жөніндегі
проректоры, э.ғ.к., профессор м.а.




Байнеева П.Т

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг
және сапаны басқару бөлімінің басшысы

Суттибаева А.

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университеті» ЖШС		УЕ-53-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту туралы		21 беттің 10-беті

Ереженің жазбалары:

1. Білім беру бағдарламасы УЕ-53-23 ФР-01

Қосымша 1. Білім беру бағдарламасы УЕ-53-23 ФР-01

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университеті» ЖШС		УЕ-53-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту туралы		21 беттің 11-беті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ

БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«ЖҰМАБЕК АХМЕТҰЛЫ ТАШЕНЕВ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ



«БЕКІТЕМІН»

Университет ректоры

_____ Байболов Қ.С.

«_____» _____ 202__ ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«6B01503 - ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ»

Тіркеу номері	
Білім беру саласының коды мен атауы	6B01 Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағыттарының коды мен атауы	6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау
Білім беру бағдарламаларының тобы	B011 Информатика мұғалімдерін даярлау
Білім беру бағдарламасының түрі	Қолданыстағы
ББХСЖ бойынша деңгейі	6
ҰБШ бойынша деңгейі	6
СБШ бойынша деңгейі	6
Оқу тілі	қазақ, орыс
Типтік оқу мерзімі	4жыл
Білім беру бағдарламасының сыйымдылығы, кем емес еңбек	240 кредит

Шымкент, 202__ж.

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университеті» ЖШС		УЕ-53-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту туралы		21 беттің 12-беті

Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	Қызметі	Қолы
Жолдасов Сазахан Аманович	Техника ғылымдарының кандидаты, «Математика және информатика» кафедрасының доценті	
Бесбаев Гани Абзелбекович	Физика-математика ғылымдарының кандидаты, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» кафедрасының доценті	
Колбоев Болат Рахметович	«Математика және информатика» кафедрасының магистр, аға оқытушысы	
Ахметова Милана Ерланқызы	ИЭФ-22-13к тобының студенті	
Сайтмуратов Элнур Элдарович	ИЭФ-22-13к тобының студенті	
Маханова Злиха Ануаровна	Педагогика ғылымдарының кандидаты, «Ақпараттық жүйелер және моделдеу» кафедрасының аға оқытушысы	
Изтаев Жалгасбек Дулатович	Педагогика ғылымдарының кандидаты, «Ақпараттық жүйелер және моделдеу» кафедрасының доценті	
Ахметова Сабира Тастановна	Физика-математика ғылымдарының кандидаты, «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» кафедрасының доценті	
Мусабеков Ахметбек Ахылбекұлы	Техника ғылымдарының кандидаты, «Автоматтандыру, телекоммуникация және басқару» кафедрасының доценті	
Исмайлов Хайрулла Бахтиярович	Техника ғылымдарының кандидаты, «Ақпараттық жүйелер және моделдеу» кафедрасының доценті	
Орынбеков Арман Шымбайұлы	Шымкент қаласы білім басқармасының «№90 жалпы білім беретін мектеп» директоры	
Дармен Дана Жусиповна	«Титов атындағы № 20 мектеп-гимназия» директоры	

Жұмыс берушімен келісілген

Т.А.Ә.	Қызметі	Қолы
Жарасова Кулжан Спандиярқызы	Шымкент қаласының білім басқармасының «№131 жалпы орта білім беретін мектебі» директоры	
Усипбеков Асылхан Пернебайұлы	«Білім - инновация» ер балдарға арналған « №1 лицей -интернаты» директоры	
Есиркепов Ержан Жанысбаевич	«Техникалық лицей » жеке мекемесі директоры	
Орынбеков Арман Шымбайұлы	Шымкент қаласы білім басқармасының «№90 жалпы білім беретін мектеп» директоры	
Дармен Дана Жусиповна	«Титов атындағы № 20 мектеп-гимназия» директоры	

Білім беру бағдарламасы «_____» факультетінің БББ сапасын қамтамасыз ету бойынша Академиялық комитетінде әзірленді және талқыланды, «_____» _____ 20__ ж. №_____ хаттама.

Комитет төрағасы _____

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университеті» ЖШС		УЕ-53-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту туралы		21 беттің 13-беті

Университет Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды, «_____» _____ 20____ ж. №_____ хаттама.

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді, «_____» _____ 20____ ж. №_____ хаттама.

МАЗМҰНЫ

1	Білім беру бағдарламасын дайындаудың нормативті-құқықтық базасы	4
2	Білім беру бағдарламасының мақсаты мен құндылықтары	5
3	Білім беру бағдарламасынның төлқұжаты	5
4	Білім беру бағдарламасының ерекшелігі	7
5	Білім беру бағдарламасын бітіруші түлектің құзыреттері	7
6	Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері	8
7	Құзыреттіліктер мен оқу нәтижелерінің байланысын анықтау кестесі	9
8	Пәннің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы матрицасы және еңбек сыйымдылығы туралы мәлімет	10
9	Білім беру бағдарламасының модульдер кескінінде меңгерілген кредиттер көлемімен көрсетілген жиынтық кесте	36
10	Оқытудың стратегиялары мен әдістері, бақылау және бағалау	37
Келісім парағы		38
Қосымша 1. Жұмыс берушілердің пікірлері		
Қосымша 2. Сараптамалық қорытынды		

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАЙЫНДАУДЫҢ НОРМАТИВТІ-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАСЫ

1. Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 27 шілде № 319-ІІІҚРЗ 2007жыл (16.11.2023ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

2. «Еуропалық біліктілік шеңбері» 2008 жылы 23 сәуірде Еуропалық Парламент пен Кеңесінде қабылданған.

3. Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы.

4. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы ғылым жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді

5. Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы хаттамасымен бекітілген «Ұлттық біліктілік шеңбері».

6. «Педагогтің кәсіби стандарты». «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша.

7. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы. (25.07.2023ж. өзгерту мен толықтырулармен).

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университеті» ЖШС		УЕ-53-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту туралы		21 беттің 14-беті

8. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17657 болып тіркелді. (12.10.2023 ж. өзгерту мен толықтырулармен)

9. «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығы;

10. «Өмір бойы оқыту (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 қаулысы;

11. Университеттің Академиялық саясаты

2 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

2.1. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты университеттің Стратегиялық даму жоспарының мақсатына және университет миссиясына сәйкес анықталған.

Білім беру бағдарламасының **мақсаты:**

Ұлттық біліктілік жүйесі мен еңбек нарығы талаптарына сай жалпымәдени және кәсіби құзыреттіліктерді меңгерген бәсекеге қабілетті информатика пәнінің мұғалімін даярлау.

Білім беру бағдарламасының **міндеттері:**

- білім алушылардың кәсіби қызметін тиімді атқаруға қажетті жалпы мәдени, кәсіби және арнайы құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- білім алушылардың тұлғааралық құндылықтар негізінде әлеуметтік жауапкершілігін және кәсіби этикалық нормаларды ұстануын қалыптастыру;
- білім алушылардың кәсіби шыңдалуға, өзін-өзі жүзеге асыруға ынталандыру негізінде білім беру сапасының деңгейін ұлттық және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру;
- білім алушылардың кәсіби білімі мен тәжірибелік дағдыларын жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес қалыптастыру;
- тіл үштұғырлығы, функционалдық сауаттылық және салауатты өмір сүру негізінде қоғамды жаңартуда белсенділік танытатын жоғары білімді маман даярлауды қамтамасыз ету;

2.2. Білім беру бағдарламасының құндылықтары

Модулдік білім беру бағдарламасының мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар:

- қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- құрмет;
- ынтымақтастық;
- ашықтық.

3 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

3.1 Білім беру бағдарламасының үйлесімділігі

- ҚР Ұлттық біліктілік шеңберінің 6 деңгейімен;
- Біліктіліктің 6-деңгейінің Дублин дескрипторларымен;
- Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің біліктілік шеңберінің 1 циклімен, (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area);
- Өмір бойы білім алу үшін Еуропалық біліктілік шеңберінің 6 деңгейімен (The European Qualification Framework for Lifelong Learning)

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университеті» ЖШС		УЕ-53-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту туралы		21 беттің 15-беті

3.2 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы

6В06101-"Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету" білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

3.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары

- Есептеу машиналары, кешендері, жүйелері мен желілері;
- Ақпарат өңдеу мен басқарудың компьютерлік жүйелері;
- Автоматтандырылған жобалау жүйелері;
- Есептеу техникасы құралдарының және ақпараттық жүйелердің бағдарламалық қамтамасыз етілуі (бағдарламалар, бағдарламалық кешендер мен жүйелер).

3.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері

- Жобалаушы-құрастырушылық;
- Өндірістік –технологиялық;
- Эксперименталды-зерттеушілік;
- Ұйымдастыру-басқарушылық;
- Эксплуатациялық.

3.5 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері

Оқытушылық:

- оқу ақпаратын тарату және өз бетімен оқуды үйрету;
- білім алушыларды оқыту мен дамыту;
- білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- аппаратты-бағдарламалық кешендер компоненттерінің сәулетін және оған сәйкес адам-машиналық интерфейстерін жобалау;
- кәсіби қызмет объектілерінің бағдарламалық қамтамасыз етілуі, ақпараттық және математикалық элементтерін жобалау және есептеу техникасы құралдарын таңдау.

Тәрбиелік:

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау;
- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу,
- сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі формалары мен әдістерін таңдау және қолдану;
- оқушылар ұжымымен, осы сыныпта сабақ беретін мұғалімдермен, ата-аналармен байланыс орнату.

Әдістемелік:

- білім үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқыту процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;
- оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану.

Зерттеушілік:

- әртүрлі саладағы ғылыми зерттеулердегі, жобалау-құрастырушылық қызметтеріндегі технологиялық, экономикалық, әлеуметтік жүйелерді басқарудағы және гуманитарлық аймақтардағы мәселелерді шешуді жеңілдету үшін математикалық модельдерді, әдістерді, компьютерлік технологиялар мен жүйелерді таңдау;
- кәсіптік қызмет объектілерінің жұмысына байланысты мәселелік және ақпараттық үрдістердің математикалық және бағдарламалық модельдерін құру және зерттеу;
- әдістерді, алгоритмдерді, бағдарламаларды, аппараттық-бағдарламалық кешендер және жүйелерді теориялық және сараптық түрде зерттеу, талдау.

Әлеуметтік коммуникативтік:

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университеті» ЖШС		УЕ-53-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту туралы		21 беттің 16-беті

- кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және педагогикалық қолдау көрсету.

4 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Жоғары білім беретін 6B06101- «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» модульдік білім беру бағдарламасы Еуропалық біліктілік және Ұлттық біліктілік шеңберіне, Дублин дескрипторларына, аймақтық еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, дайындалған құжаттар жүйесінен тұрады.

МБББ қойылған мақсатты, күтілетін нәтижелерді, білім беру процесін жүзеге асыру жағдайлары мен технологияларын, бітірушінің берілген бағыттағы дайындық сапасын бағалау саясатын және оқу жұмыс жоспарының мазмұнын айқындайды.

МБББ-ның ерекшеліктері:

- заманауи білім беру парадигмасының негізінде құзыреттілік көзқарасты ұстана отырып, бітірушінің құзыреттілік моделін ұсыну. Құзыреттілік модель университеттің Стратегиялық даму жоспарының мақсатына және миссиясына сай анықталған мақсатқа сәйкестендірілген. Модульдік білім беру бағдарламасын меңгеру қорытындысы бойынша бітірушінің жалпы мәдени, кәсіби және арнайы құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған күтілетін оқу нәтижелері анықталған. МБББ-ның мазмұнында жаңартылған білім беру бағдарламасын негізге алатын әдістемелік пәндердің үлесі арттырылған.

- оқу орны мен студенттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және бітірушілерге жұмысқа орналасуға барынша мүмкіндік беретін, «Minor» білім беру бағдарламасы жасалынды.

- студенттер «Minor» курсына жеке және кәсіби қызығушылығы бойынша ақылы негізде оқуына болады.

5 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БІТІРУШІ ТҮЛЕКТІҢ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ

Қ1. Мәдени құзыреттілік: азаматтық және адамгершілік тұрғыда жеке тұлға үшін маңызды мәселелерді талдауда өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіре алады және өзге өмір салтына, өзге мәдениетке толеранттылықты қалыптастырады.

Қ2. Әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілік: барлық мүдделі тараптардың талаптарына сәйкес топта жұмыс істей отырып, қоғамды жаңартуда белсенділік танытады.

Қ3. Ұйымдастырушы-әдістемелік құзыреттілік: кәсіби қызмет объектілерін әзірлеу үрдісін бағалау, бақылау және басқару, соның ішінде аппараттық-бағдарламалық жабдықтарды таңдауды жүзеге асыра алады.

Қ4. Зерттеушілік құзыреттілік: түрлі сала бойынша ғылыми зерттеулердегі, жобалаушы-құрастырушылық қызметтеріндегі технологиялық, экономикалық әлеуметтік жүйелерді басқарудағы және гуманитарлық аймақтағы мәселелерді шешуді жеңілдету үшін математикалық модельдерді, әдістерді, компьютерлік технологиялар мен жүйелерді зерттеу, талдау және таңдау жүргізе алады.

Қ5. Пәндік құзыреттілік: пәндік саланы терең игереді, өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіре отырып бағалайды, ұлттық білім жүйесінің өзекті міндеттеріне сәйкес пәнаралық байланыс пен оқытудың инновациялық технологияларын оқу үдерісінде қолданады.

Қ6. Дамытушы құзыреттілік: кәсіби деңгейін көтеру мақсатында өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіре отырып, өмір бойы оқуға мән береді.

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университеті» ЖШС		УЕ-53-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту туралы		21 беттің 17-беті

Қ7. Ақпараттық құзыреттілік: ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді және ақпаратты іздеу мен өндеуде, мақсат қою мен оған қол жеткізу жолын таңдауда, жоба жұмыстарын әзірлеуде өз бетімен жаңа технологияларын пайдалана алады.

6 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Осы білім беру бағдарламасы сәтті аяқтағаннан кейін студент:

ОН1. Ақпараттық технологиялар саласының негізгі бөлімдерін қорытындылай алады, кәсіби салалардағы мәселелерді тұжырымдай алады;

ОН2. Саяси-әлеуметтік, құқықтық сауатты, ұлтаралық, ұжымдық қарым-қатынаста коммуникативті көрсете алады және өзін-өзі салауатты дамыта алады;

ОН3. Кәсіби салада және жеке іс-әрекеттерінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және офистік қолданбалы бағдарламаларды жоғары деңгейде қолдана алады;

ОН4. Аппараттық-бағдарламалық кешендер компоненттерінің архитектурасын және адам-машина интерфейсін жобалай алады;

ОН5. Есептеу жүйелерінің компоненттерін құрады және бағдарлама мен бағдарламалық кешендер әзірлей алады;

ОН6. Аппаратты-бағдарламалық кешендерді, желілерді жинақтай, сынақтай және сертификаттай алады;

ОН7. Кәсіби сала объектілерін әзірлей алады (соның ішінде құрал-жабдықтарын, технологияларын таңдай біледі, бақылайды, бағалайды);

ОН8. Әдістерді, алгоритмдерді бағдарламаларды, аппараттық-бағдарламалық кешендер мен жүйелерді талдай алады, теориялық және тәжірибелік зерттеулер жүргізе алады;

ОН9. Кәсіби салада қойылған мәселені талдай алады, математикалық моделін құра алады, тиімділеп шешім қабылдай алады;

ОН10. Есептеу жүйелері мен желілерін жүйелік, инструментальді, қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етілуін орната алады, баптайды, қызмет көрсете алады.

7 ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР МЕН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ БАЙЛАНЫСЫН АНЫҚТАУ КЕСТЕСІ

Құзыреттіліктер	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10
Қ 1	+	+								
Қ 2		+	+							
Қ 3			+	+	+					
Қ 4				+	+					
Қ 5				+	+	+	+			
Қ 6		+	+	+				+	+	
Қ 7			+	+	+				+	

«Жұмабек Ташенев» атындағы университеті		ЖН-11-22
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Білім беру бағдарламасын дайындау		25 беттің 19-беті

9 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МОДУЛЬДЕР КЕСКІНІНДЕ МЕНҒЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР КӨЛЕМІМЕН КӨРСЕТІЛГЕН ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕ

Оқу курсы	Семестр	Менгерілген модульдер саны	Оқылатын пәндер			KZ кредиттер саны										Саны	
			МК	ЖООК	ТБК	Теориялық оқыту	Денешынықтыру	Оқу-таным практикасы	Педагогикалық практика	Өндірістік практика	Диплом алды практика	Қорытынды аттестаттау	Барлығы	Барлығы сағатпен	емтихан	диф.сынақ	
1	1	5	4	2	1	28	2							30	900	6	1
	2	3	5	1	1	26	2	2						30	900	5	2
2	3	6	1	3	3	28	2							30	900	6	1
	4	5	3	5		26	2			2				30	900	6	2
3	5	5		4	2	30								30	900	6	-
	6	6		3	3	26				4				30	900	5	1
4	7	3		2	5	36								36	1080	6	1
	8	1		1							12	12	24	720	-	1	
Барлығы:			13	21	15	198	8	2	0	6	12	12	240	7200	40	9	

«Жұмабек Ташенев» атындағы университеті		ЖН-11-22
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Білім беру бағдарламасын дайындау		25 беттің 20-беті

Оқыту стратегиясы	<p>Студентке бағытталған оқыту: білім алушы-оқыту/оқыту орталығы және оқу процесі мен шешім қабылдаудың белсенді қатысушысы.</p> <p>Практикаға бағытталған оқыту: практикалық дағдыларды дамытуға бағдарлау.</p>
Оқыту әдістері	<p>Дәрістер, семинарлар, практикалық, жеке сабақтар, тренингтер, практика түрлерін өткізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> • инновациялық технологияларды қолдану; • проблемалық оқыту; • кейс-стади; • топта және креативті топта жұмыс істеу; • пікірталастар мен диалогтар, зияткерлік ойындар, викториналар; • Блум таксономиясы; • презентациялар; • ақпараттық дереккөздерді ұтымды және креативті пайдалану; • мультимедиялық оқыту бағдарламалары; • электрондық оқулықтар; • сандық ресурстар. <p>Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру, жеке кеңес беру.</p>
Оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бақылау және бағалау	<p>Пәннің әр тақырыбы бойынша ағымдық бақылау, аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардағы білімді бақылау (силлабусқа сәйкес). Бағалау формалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • сабақтарда сауалнама жүргізу; • пәннің тақырыптары бойынша тестілеу; • бақылау жұмыстары; • өзбетінше шығармашылық жұмыстарды қорғау; • пікірталастар; • тренингтер; • эссе және т. б. <p>Бір академиялық кезеңде бір оқу пәні шеңберінде кемінде екі рет аралық бақылау.</p> <p>Аралық аттестаттау оқу жұмыс жоспарына, академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады.</p> <p>Өткізу формалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • тестілеу түріндегі емтихан; • ауызша емтихан; • жазбаша емтихан; • шығармашылық емтихан; • практика бойынша есептерді қорғау. <p>Қорытынды мемлекеттік аттестаттау.</p>

«Жұмабек Ташенев» атындағы университеті		ЖН-11-22
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Білім беру бағдарламасын дайындау		25 беттің 21-беті

КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

6B06101-«Есептеу техникасы бағдарламалық қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша

Оқу-әдістемелдік жұмысы жөніндегі
проректоры, э.ғ.к., профессор м.а.

П.Т. Байнеева П.Т

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг
және сапаны басқару бөлімінің басшысы

А.А.Суттибаева А.

Оқу үрдісін жоспарлау және ұйымдастыру
бөлімінің басшысы

Ж.А.Нурмаганбетова